



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ**

ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ

МАМАНДЫҒЫ	051103 – «ФАРМАЦИЯ»
СПЕЦИАЛЬНОСТЬ	051103 – «ФАРМАЦИЯ»
SPECIALITY	051103 – «PHARMACY»

ҚР МЖМБС 3.08.390-2006

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Астана

Алғы сөз

1 Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН**

2 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 1 желтоқсандағы № 582 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**

3 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 11 тамыздағы № 603 және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 11 тамыздағы № 545 бірлескен бұйрықтарымен бекітілген қазіргі кезде қолданыстағы 051103 - «Фармация» мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының **ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН**

4 Осы стандартта «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының. ҚР ПР 40.1.01-2000 «Қазақстан республикасының мемлекеттік стандарттау жүйесі; Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын құруға, жазуға, ресімдеуге, мазмұны мен белгілеуге қойылатын жалпы талаптар»; өзгерістері бар «ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелері» нормалары іске асырылған.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы.....	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Анықтамалар мен қысқартулар	1
4	051103 - «Фармация» мамандығы саласындағы білім беру бағдарламасының тізбесі	2
5	Біліктілік және лауазым тізбесі	2
6	051103 - «Фармация» мамандығы бойынша бітірушінің кәсіби біліктілік сипаттамасы	2
7	Білім беру және иерархия мақсаттарының негізгі жалпыұлттық нысаналары (пән циклының мақсаты бойынша)	8
8	Оқу бітірушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптар.....	9
9	051103 - «Фармация» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны.....	13
10	051103 - «Фармация» мамандығы бойынша фармация бакалаврын даярлаудағы білім беру ортасына қойылатын талаптар	37
11	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеуге, жаңартуға (өзгертуге, түзетуге) қойылатын талаптар	40
	А қосымшасы	42

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫ

ЖОҒАРЫ КӘСІПТІК БІЛІМ

051103 - «ФАРМАЦИЯ» МАМАНДЫҒЫ

Енгізу күні 2007.09.01

1 Қолдану саласы

Осы стандарт ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім беру. Бакалавриат. Негізгі ережелері» негізінде жасалған және кәсіптік білім құрылымы мен мазмұнына және 051103 – «Фармация» мамандығы бойынша бакалаврдың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Стандарттың ережелерін ведомстволық бағыныстылығына, ұйымдық-құқықтық, оқыту түрлеріне қарамастан, 051103 – «Фармация» мамандығы бойынша мамандарды даярлауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары қолдануға және сақтауға міндетті.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелеріне» келтірілген № 1 өзгерістер енгізілген ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелері» және № 2 өзгерістер енгізілген ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелері», «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 7.06.1999 Заңы, «Денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР 4.06.2003 Заңы, «Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы» ҚР 7.07.2006 Заңы, «Қазақстан Республикасының медициналық және фармацевтикалық білім беру ісін реформалау тұжырымдамасы туралы» ҚР Үкіметінің 24.04.06 жылғы № 317 қаулысына, «Дәрілік заттар туралы» ҚР 13.01.2004 жылғы № 522 Заңына сілтемелер қолданылды.

3 Анықтамалар және қысқартулар

Осы стандартта «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және ҚР МЖМБС 5.03.001-2004 «Жоғары кәсіптік білім. Бакалавриат. Негізгі ережелеріне» сәйкес қысқартулар, терминдер мен анықтамалар қолданылған.

Ресми басылым

Осы стандартта мынадай қысқартулар қолданылады:

- ЖББП – жалпы білім беру пәндері;
- БП – базалық пәндер;
- КП – кәсіптендіру пәндері;
- ОСЖ – оқытушылардың студенттермен жұмысы;
- СӨЖ – студенттердің өзіндік жұмысы;
- ОЖСӨЖ – оқытушы жетекшілігімен атқарылған студенттің өзіндік жұмысы.

4 Мамандық аясындағы білім беру бағдарламасының тізбесі

Оқу бағдарламасының тізбесін 051103 – «Фармация» мамандығы бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде типтік оқу жоспарына сәйкес жоғары оқу орнының Кеңесі белгілейді.

5 Біліктіліктер мен лауазымдар тізбесі

Біліктіліктер мен лауазымдар Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 22.11.2002 № 273-П бұйрығымен бекітілген «Басшылардың, мамандардың және басқа қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» сәйкес және басқа да нормативті құжаттармен айқындалады.

6 051103 – «Фармация» мамандығы бойынша бітірушінің біліктілік сипаттамасы

6.1 Кәсіби қызметтің саласы.

051103 – «Фармация бакалавры» кәсіби қызметінің аясы мыналар болып табылады: денсаулық сақтау мекемелерінде, фармация, білім беру, ғылым, әлеуметтік қорғау.

6.2 Кәсіби қызметтің объектілері.

051103 – «Фармация бакалаврының» кәсіби қызметінің объектісі аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу үшін қолданылатын дәрілік заттар болып табылады.

Дәрілік заттарға аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу үшін қолданылатын парафармацевтикттер, медицина техникасы және медициналық мақсаттағы бұйымдар теңестіріледі.

Кәсіби қызметті іске асыратын ұйымдар:

- түрлі меншіктегі және ұйымдық-құқықтық нысандардағы дәрілік заттарды дайындау, өндіру, көтерме және бөлшек сауда фармацевтикалық ұйымдары мен кәсіпорындар (дәріханалар, фармацевтикалық фирмалар, АҚ, ЖШС, фармацевтикалық зауыт, фабрикалар т.б.);

- фармацевтикалық басқару және қадағалау органдары;
- дәрілік заттарды стандарттау және сертификаттау органдары (сынақ орталықтары, сапаны бақылау, стандарттау және сертификаттау зертханалары);
- жедел медициналық көмек көрсету ауруханаларының токсикологиялық орталықтары, сот медицинасы орталықтарының химия-токсикологиялық бөлімшелері (зертханалары);
- фармацевтикалық ақпарат органдары (анықтама-ақпарат, талдау-ақпарат орталықтары т.б.);
- білім беру ұйымдары;
- ғылыми ұйымдар;
- әлеуметтік қорғау ұйымдары.

6.3 Кәсіби қызметтің мәні.

«Фармация бакалаврының» кәсіби қызметінің мәні мыналар болып табылады:

- халықты аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу үшін қолданылатын дәрілік заттармен қамтамасыз ету;
- дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің басқару, ұйымдастыру-экономикалық қызметтерін қалыптастыру және тиімді түрде дамыту;
- дәлелді медицина мен ғылыми әдіснама принциптерін қолдану және дамыту;
- ғылыми-педагогикалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту;
- әрқашан ғылыми жетістіктердің негізінде өзінің кәсіби білімін шыңдауға дайындығы.

6.4 Кәсіби қызметтің түрлері.

«Фармация бакалавры» мынадай кәсіби қызметтің түрлерін атқара алады:

- ұйымдастыру-басқару;
- жалпы фармацевтикалық;
- өндірістік;
- бақылау-рұқсат беру;
- ақпараттық-талдау;
- маркетингтік;
- инновациялық;
- педагогикалық;
- ғылыми-зерттеу.

6.5 Кәсіби қызметтің функциялары.

«Фармация бакалаврының» кәсіби қызметінің функциялары:

- дәрілік заттарды дайындау, сапалық бақылау, стандарттау, сертификаттау, мемлекеттік тіркеу, жарнамалау, көтерме және бөлшек

сауда арқылы сату, босату жұмыстарын қамтитын фармацевтикалық субъектілердің іс-әрекеттерін ұйымдастыру, жоспарлау, жүргізу негізінде дәрілік заттар айналымы саласында фармацевтикалық қызмет көрсету;

- дәрілік заттар айналымы саласы субъектілері іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыруға бағытталған шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру;

- инновациялық бағдарламаларды және оларды жүзеге асыру шараларын жасау;

- халықты дәрілік заттармен қамтамасыз етуді жақсарту үшін нақты ақпараттың және коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану, денсаулық сақтау жүйелеріндегі бірыңғай ақпараттық жүйемен жұмыс істеу.

6.6 Кәсіби қызметтің типтік міндеттері.

«Фармация бакалаврының» кәсіби қызметінің типтік міндеттері:

- халықты аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу үшін қолданылатын қауіпсіз, тиімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету;

- өмірге қауіпті шұғыл жағдайларда зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету және дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастырып жүзеге асыру;

- дәрілік заттар айналымы саласына инновациялық технологияларды енгізу;

- өзінің кәсіби қызметінде білімі мен біліктілігін үнемі шыңдау;

- медициналық және фармацевтикалық білім мен ғылым саласында педагогикалық, кәсіби-тәрбиелік және ғылыми жұмыстарды жүргізу.

6.7 Кәсіби қызметтің бағыттары.

«Фармация бакалаврының» кәсіби қызметінің бағыттары қамтиды:

- дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің қызметін ұйымдастыру және басқару;

- дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің қызметіне фармацевтикалық қадағалауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- дәрілік заттарды көтерме және бөлшек сауда арқылы босатуды, емдеу-алдын алу және фармацевтикалық ұйымдардың мамандарына, халыққа дәрілік заттардың қолданылуы туралы кеңес беруді ұйымдастыра отырып, жалпы фармацевтикалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

- дәрілік заттар айналымы саласында маркетингтік-ақпараттық қызметті жүзеге асыру;

- дәрілік заттарды дайындау және сапасын бақылау;

- дәрілік заттарды және дәрілік өсімдік шикізаттарын алу, жасау, өндіру, сақтау және қолдану сатыларында стандарттау, сертификаттау жұмыстарын жүргізу;

- күшті әсерлі және улы заттармен уланған жағдайдағы сот-химиялық сараптауда химиялық-токсикологиялық талдауларды жүргізу;

- фармацевтикалық білім және ғылым саласында ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыру.

6.8 Кәсіби қызметтің мазмұны.

«Фармация бакалаврының» кәсіби қызметінің мазмұны қызметтің саласы, типтік міндеттері, функциялары, түрлері аясында анықталып қарастырады:

- фармацевтикалық нарықтың негізгі буындарында қызмет бағыттары мен негізгі көрсеткіштерді жоспарлау, басқару және қаржылық есептерді ұйымдастыру, медициналық, фармацевтикалық тауарлар нарығын маркетингтік зерттеу жұмыстарын қамти отырып, дәрілік заттар айналымы субъектілерінің қызметтерін басқару;

- халыққа, емдеу және басқа да ұйымдарға дәрілік заттардың алынуын, тасымалдануын, жарнамалануын, сақталуын ұйымдастырудың негізінде көтерме және бөлшек сауда арқылы босатылып сатылуын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

- ақпараттық-аналитикалық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру; дәрілік заттар айналымы саласында қолданылатын ақпараттарды жинау, сақтау, өңдеу әдістерін (оның ішінде компьютерлік) меңгеру;

- емдеу-алдын алу, фармацевтикалық ұйымдардың мамандарына және халыққа дәрілік заттардың қолданылуы туралы консультациялық көмек көрсету;

- дәрілік заттарды дайындау және олардың сапасын бақылау;

- дәрілік заттар мен дәрілік шөптер шикізаттарын алыну, сақталу, қолдану сатыларында сапалық бақылануын, сертификатталуын ұйымдастырып жүргізу;

- дәрілік шөптер шикізаттарын дайындау, қабылдау жұмыстарын ұйымдастырып жүргізу және жабайы дәрілік шөптер ресурстарын анықтау;

- рұқсат беру-бақылау жүйесі саласында фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру және жүзеге асыру (фармацевтикалық қызмет түрлерін лицензиялау, фармацевтикалық қызметті, бақылау – қадағалау, дәрілік заттарды лицензиялау, тіркеу, сертификаттау т.б.);

- күшті әсерлі және улы дәрілермен уланған жағдайда зертханалық шұғыл – диагностикалауда, сот-химиялық сараптауда химиялық-токсикологиялық талдауды ұйымдастырып жүргізу;

- дәрілік заттар айналымы саласында инновациялық технологияларды жасау және сала жұмысына енгізу;

- жоғары және орта фармацевтикалық білім жүйесінде педагогикалық қызмет атқару;

- фармацевтикалық ғылым саласында ғылыми-аналитикалық зерттеулердің жүргізілуіне қатысу.

6.9 «Фармация бакалаврының» негізгі қызметіне қойылатын талаптар.

Фармация бакалавры:

түсінігі болу керек:

- қоршаған ортадағы болып жатқан негізгі үрдістер мен құбылыстар және табиғат танудағы жаңа ғылыми әдістер туралы;

- ұлттық экономика мен өнеркәсіп салаларын басқарудың даму үрдістері туралы;

- Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің экономикасын, сыртқы экономикалық қызметтерін реттейтін мемлекеттік саясаттың әдістері мен тетіктері туралы;

- экономикалық заңдар және олардың қолданылуы туралы;

- ғылым, саясат, тарих және саяси өмірдің теориялық-әдіснамалық негіздері туралы;

- денсаулықтың қалыптасу факторлары, денсаулықты қорғау, икемдеу процестері, денсаулықтың қалыпты және патологиялық жағдайларының реттелуі туралы;

- денсаулық сақтау, медицина және фармацияның негізгі мәселелерінің басқа әлеуметтік саясат салаларымен байланысы туралы;

- халықаралық саясаттағы денсаулық сақтаудың маңызы;

- кәсіби қызметті орындау кезінде кездесетін мәселелерді шешу әдістемелері.

білуі керек:

- Қазақстан Республикасында дәрілік заттармен қамтамасыз ету жүйесінің құрылымын, фармацевтикалық қызметті реттейтін нормативтік құжаттарды, дәрілік заттар айналымы саласы субъектілері қызметін ұйымдастыру-экономикалық аспектілерін;

- фармацевтикалық менеджмент және маркетинг, дәрілік заттарды сатып алу, жарнамалау, көтерме және бөлшек сауда арқылы сату, өткізу негіздерін;

- экономиканың фармацевтикалық секторындағы кәсіпкерлік қызметтің негіздерін;

- дәрілік заттар туралы ақпараттарды іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, тарату, қолдануды қамтитын фармацевтикалық ақпараттар негізін;

- фармацевтикалық нарықта дәрілік заттар қозғалысының барлық сатыларындағы фармацевтикалық логистиканы;

- дәрілік заттарды дәріханалық және өндірістік жағдайларда дайындауды ұйымдастыру принциптерін, дәрілердің терапиялық тиімділігіне әсер ететін факторлардың биофармацевтикалық сипаттамаларын;

- дәріханалық және өнеркәсіптік кәсіпорындарда дәрілік заттардың сапасын бақылау әдістері мен стандарттау және сертификаттау тәртіптерін;

- дәрілік шөптерді, дәрілік шөптер шикізаттарын дайындау, кептіру, қабылдау және стандарттау әдістерін;

- күшті әсерлі және улы дәрілік заттармен уланған жағдайда зертханалық шұғыл-диагностика мен сот-химиялық сараптауда химиялық-токсикологиялық талдауды жүргізудің ұйымдастырылу-құқықтық және әдістемелік негіздерін.

орындай білуі керек:

- дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің қызметін ұйымдастыруды, басқаруды, жобалауды және талдауды;

- дәрілік заттарды сатып алуды, жарнамалауды ұйымдастыруды және көтерме-бөлшек сауда арқылы сатуды;

- дәрілік заттар туралы ақпараттарды жинауды, өңдеуді және тұрғындар мен емдеу-алдын алу, фармацевтика ұйымдарының мамандарына бағыттап жүргізуді;

- рұқсат беру - бақылау жүйесі саласында барлық қызмет түрлерін ұйымдастырып жүргізуді (дәрілік заттарды лицензиялауды, тіркеуді, сертификаттауды т.б.);

- дәрілік заттарды дәріханалық жағдайда дайындауды;

- дәрілік заттарды талдаудың қолданылып жүрген физикалық-химиялық әдістерін жақсартуды және жаңа әдістерді меңгеруді;

- нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес дәрілік заттарды жасау, алу, сақтау және қолдану сатыларында сапасын бақылауды ұйымдастырып жүргізуді;

- дәрілік шөп шикізаттарын дайындауды, қабылдауды және стандарттауды ұйымдастырып жүргізуді;

- дәрілік заттарда, су, тамақ өнімдерінде, адам ағзасында, биологиялық сұйықтарда улы заттар мен олардың метаболиттерін т.б. анықтау үшін жүргізілетін сот-медициналық сараптауда химиялық-токсикологиялық зерттеулерді жүргізуді;

- улы, есірткілік басқа да қауіпті заттармен улануда зертханалық шұғыл-диагностикалауды жүргізуді;

- халыққа, дәрігерлерге дәрілік заттардың ассортименті, бірінің екіншісімен ауыстырылуы, қолдануындағы жанама әсері, тиімді пайдаланылуы туралы консультациялық көмек көрсетуді;

- қауіпті жағдайда зардап шеккендерге дәрігерге дейінгі көмекті көрсетуді;

- фармацевтикалық қызметтің барлық түрлері бойынша бекітілген үлгідегі құжаттарды ресімдеуді.

дағдысы болу керек:

- фармацевтикалық нарықтың тауар өткізу жүйелерінің негізгі буындарының жұмысын ұйымдастыру;

- фармацевтикалық ұйымдардың нарықтың мүмкіншіліктерін талдаудың, бағаны қалыптастырудың, экономикалық көрсеткіштерді жоспарлаудың, фармакоэкономикалық талдау, зерттеулердің негізгі әдістерін жүргізу;

- фармацевтикалық ұйымдардың құрылымын анықтау және лауазымдық міндеттерді бөлу принциптерін қолдану;

- фармацевтикалық ұйымдарда іс-қағаздарын жүргізу және мамандар менеджментінің мәселелерін шешу тәсілдерін жүзеге асыру;

- қисынды талдаудың негізгі әдістерін жүргізу;

- дәрілік заттардың қолданылуы туралы халыққа, емдеу-алдын алу, фармацевтикалық ұйымдардың мамандарына консультациялық көмек көрсету әдістерін жүргізу;

- дәрілік заттарды дәріханалық жағдайда дайындау және сапалық бақылауды жүргізу;

- дәрілік заттардың жасалу, сақталу және қолданылу сатыларында фармацевтикалық талдауды жүргізу;

- дәрілік шөптер шикізаттарын дайындауды, қабылдауды және стандарттауды жүргізу;

- күшті әсерлі және улы заттармен уланған жағдайда химиялық-токсикологиялық талдауды жүргізу.

жетік білуі керек:

- дәрілік заттар айналымы саласының заңдылық және құқықтық-нормативтік базаларын;

- халыққа дәрі-дәрмектік көмекті сапалы түрде көрсетуге, дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің қызметтері тиімділігін арттыруға бағытталған басқару шешімдерін іріктеуді, оперативтік және стратегиялық басқару процестерін ұйымдастырып жүргізуді;

- халыққа, емдеу-алдын алу және фармацевтикалық ұйымдарға сапалы фармацевтикалық қызмет көрсетуді.

7 Білім берудің негізгі жалпы ұлттық мақсаттары және мақсаттарының иерархиясы (пән циклының мақсаты бойынша)

Жоғары фармацевтикалық білім берудің жалпы ұлттық мақсаты болып халыққа дәрі-дәрмектік көмекті көрсетуге, қоғам мен тұтынушылар қажеттілігін қанағаттандыруға ықпалды жоғары білікті мамандарды дайындау саналады. Фармацевтикалық практика мен ғылымда озық инновациялық, ақпараттық, коммуникативтік жетістіктерді пайдалану және дамыту, халық денсаулығын нығайту, денсаулық сақтау жүйесінің мемлекеттік және әлемдік деңгейдегі өзгерістеріне икемделу, білім алу мен кәсіби біліктілікті өмір бойы жалғастыра отырып, қоғамның дамуына өзіндік үлесін қосу.

Жалпы білім беру пәндері циклы фармация саласы өзекті мәселелерінің әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, мәдени ерекшеліктерін түсінуге қажетті білім қорын иеленуге және қоғам алдында фармация бакалавры өз жауапкершілігін түсінуге, фармацевтикалық этика принциптері негізінде сенімді қарым-қатынас тағылымын қалыптастыруға бағытталады.

Базалық пәндер циклы халыққа дәрі-дәрмектік көмек көрсетуде денсаулық сақтау жүйесінің қажеттілігін қанағаттандыратын фармацевтикалық сала мамандарын дайындау үшін химиялық, медициналық, биологиялық және әлеуметтік ғылымдар бойынша біріккен функциялы білім қорын қалыптастыруға бағытталады.

Кәсіптендіру пәндер циклдары фармацияның басқарылуы мен экономикасы, фармацевтикалық менеджмент және маркетинг, дәрілер технологиясы, фармацевтикалық және токсикологиялық химия, фармакогнозия арнайы мамандандыру пәндерін оқыту негізінде кәсіптік білім мен біліктілікті жетілдіруге бағытталады.

8 Оқу бітірушілердің білім деңгейіне қойылатын талаптар

8.1 Жалпы білім беруге қойылатын талаптар.

Бітіруші міндетті:

- қазіргі заманның рухани, мәдени, интеллектуалды, экологиялық құндылықтар негізін бағалауға;

- идеялық қайшылықтарды сын көзбен саралап, өзінің кәсіби қызмет саласындағы мәселелерге байланысты тиімді шешім қабылдауға;

- кең ой өріс негізінде қоғам алдындағы өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарауға;

- салауатты өмір сүрудің ғылыми танымдарын біліп түсінуге;

- дене шынықтырудың дағдылары мен тәсілдерін білуге;

- коммуникативтік мәдениеттілікті меңгеруге;

- өз мамандығының әлеуметтік маңызын түсінуге, білімін үздіксіз жетілдіруге қабілетті болуға.

8.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттілікке қойылатын талаптар.

Бітіруші міндетті:

- Қазақстан Республикасы заңдарының негіздерін, әлеуметтануды меңгерген, денсаулық сақтау саласын ұйымдастыру мен этикалық, құқықтық нормаларға жетік, адамдар арасындағы қатынасты реттей білуге;

- кәсіби құндылықтарға ие болуға, жанашыр, альтурист, әділетті, аса жауапты, кәсіби этикалық және деонтологиялық принциптерді сақтауға;

- емделуші, отбасы мүшелері мен дәрігер және фармацевт арасындағы өзара түсінушілік пен қарым-қатынастың маңыздылығын сезінуге;

- мәдени ғұрыптар мен діни сенімдерді құрметтеуге;
- әріптестерінің көзқарастарын ескере отырып, парасатты қарым-қатынаста болуға.

8.3 Экономикалық және ұйымдық-басқарушылық құзыреттілігіне қойылатын талаптар.

Алған білім мен біліктілікті еркін кәсіпкерлік жағдайдағы экономикалық, басқару, саралау жұмыстары барысында дұрыс шешім қабылдауға пайдалану.

8.4 Кәсіби құзіреттілікке қойылатын талаптар.

Бітіруші міндетті:

- денсаулық сақтау және фармация салаларын ұйымдастыру, басқаруға құзыретті болуға, фармацевтикалық қызметке кешенді аналитикалық жүргізуге, фармацевтикалық субъектілердің іс-әрекеттері тиімділігін арттыру резервтерін анықтауға және сыртқы, ішкі орталардың өзгерістеріне сәйкес шешімдер қабылдауға;

- жүйелік, экономикалық талдау, стратегиялық маркетинг, функциялық модельдеу, жобалау және дәрілік заттар айналымы саласы субъектілерінің түрлі фармацевтикалық қызметтерін орындауда қолданылатын жаңа басқару әдістерін меңгеруге;

- халықты дәрі-дәрмектік көмекпен қамтамасыз етуде практикалық дағдыларды меңгеруге;

- денсаулық сақтау саласында отандық заңдардың, нарықтық экономиканың ерекшеліктерін, фармацевтикалық менеджмент және маркетинг негіздерін, фармацевтикалық көмекті көрсету саласындағы халықаралық стандарттар жөнінде құзыретті болуға, бизнес-жоспар жасаудың тәртіптерін білуге және өзінің байқау нәтижелерін талдап қорытындылауға;

- тұрғындармен, әріптестерімен, әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерімен фармацевтикалық этика принциптерін сақтаудың негізінде сәйкесті коммуникативтік дағдыларды меңгеруге;

- фармацияның ғылыми негізін меңгеруге қабілетті болуға және өзінің кәсіби қызметінде инновациялық технологияларды енгізуге;

- халықты дәрілік заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастырып жүргізуде менеджмент принциптерін қолдануға;

- команда құрамында жұмыс істеуге және ұжым көшбасшысына тән қасиеттер мен талаптарды меңгеруге қажетті қабілеттілікті шыңдауға;

- кәсіптік қызметінде өз білімі мен дағдыларын үнемі жетілдіруге және өзгелерді тәрбиелеуге қабілетті болуға.

8.5 Өзгерістер мен белгісіздіктің өспелі серпіні жағдайындағы әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің, географиялық және әлеуметтік икемділіктің ауысу дайындығына қойылатын талаптар.

Бітіруші қабілетті болуы қажет:

- жаңа идеяларды қабылдауға;
- денсаулық сақтау саласында, қоғамда әлеуметтік экономикалық даму өзгерістеріне бейімділікке;
- кәсіптік іс-әрекетін саралап, жоспарлауға;
- ауыспалы және белгісіздік кезеңде дұрыс шешім қабылдап, дербес іс-әрекет жасауға;
- Қазақстанның денсаулық сақтау саласы жағдайын фармацевтикалық секторындағы өзгерістерге сәйкес бағалауға;
- басқару шешімдерін қабылдауға;
- жалпы фармацевтикалық практиканың, жағдайын талдауға, приоритеттік даму бағыттарын анықтауға; дәрілік заттар айналымы саласындағы өзгерістерді уақыт бойынша жоспарлауға, ұйымдастыруға, басқаруға және бақылауға алуға;
- экономикалық және әлеуметтік өзгерістерге икемделуге;
- моральдық, психологиялық және әлеуметтік бейім және ұтқыр болуға.

8.6 Оқу пәндерінің негізгі циклдері бойынша білімділікке қойылатын талаптар.

Жалпы білім беру пәндері циклы бойынша білім деңгейіне қойылатын талаптар.

Бітіруші фармацевтикалық жалпы адамзат және кәсіптік құндылықтарды, адам мен өмір тұтастығы барысында философия және әлеуметтік ғылым негіздерін білуі тиіс.

Базалық пәндер циклы бойынша білім деңгейіне қойылатын талаптар.

Бітіруші меңгеруі тиіс білімдер:

- биологиялық активтілігі бар бейорганикалық және органикалық қосындылардың химиясы мен құрылымын;
- органикалық қосындылардың жіктемесін және биологиялық актив заттарды синтездеудің негізгі жолдарын;
- фармацевтикалық талдауда қолданылатын сандық және сапалық талдаулардың теориясы мен практикасын;
- күшті әсерлі және улы дәрілердің жіктемесін, зертханалық шұғыл-диагностикалау мен химиялық-токсикологиялық талдаудың ерекшеліктерін;
- жұқпалар теориясы мен микроорганизмдер жіктемесін, химиялық-терапиялық заттардың (антибиотиктердің) қолданылуын;
- тірі организмдердің жіктемесін: өсімдіктер мен жануарларды; өсімдік-дәрілік шикізат көзі ретінде;
- тіршіліктің пайда болу және даму механизмдерін, тірі организмдердің өмір сүру заңдылықтарын, тіршіліктің ұйымдастырылу деңгейлерін;

- классикалық және молекулалық генетика негіздерін, ген теориясын, биологиялық активті заттардың алыну биотехнологиясын;

- адамның макро және микроқұрылымының негізін, ағзадағы физиологиялық процестердің реттелуін;

- жалпы нозологияның негізгі түсініктерін, аурудың алдын алу мен емдеудің жалпы принциптерін, фармакологиялық алдын алу мен дәрілік терапияның маңызын;

- фармацевтикалық ұйым, кәсіпорындардың және қоршаған орта гигиенасы негіздерін;

- психиканың философиялық-теориялық негіздерін;

- дәлелді медицинадағы сандық және сапалық зерттеулердің негізгі әдістерін;

- дәрілік препараттардың жіктемесін, жалпы рецептураны, рецептердің, жазылу тәртіптерін, дәрілік заттардың фармакокинетикалық және фармакодинамикалық жалпы заңдылықтарын.

Кәсіптік пәндер циклы бойынша білім деңгейіне қойылатын талаптар.

Бітіруші меңгеруі тиіс білімдер:

- халыққа медициналық және дәрі-дәрмектік көмек көрсетуді ұйымдастырудың жалпы принциптерін;

- дәрілердің босатылу тәртіптерін, фармацевтикалық бөлшек сауда және көтерме сауда буындарының қызметін ұйымдастыру негіздерін;

- фармация экономикасының негіздерін;

- фармацевтикалық менеджмент негіздерін, фармациядағы маркетингтік басқару процесі мен маркетингтік зерттеу, аналитикалық жұмыстарының жүргізілуін;

- дәрілер технологиясының негізін, дәрілік және қосымша заттар жіктемесін, гомеопатиялық және фитопрепараттар технологиясының ерекшеліктерін;

- дәрілік заттардың сапасын реттейтін негізгі принциптер мен жағдайларды;

- дәрілік заттардың сапасын зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдерін, фармацевтикалық талдаудың жалпы принциптерін;

- дәрілік өсімдіктер шикізаттарының жіктемесін, ботаникалық белгілері бойынша дәрілік өсімдіктердің дайындалуын;

- медициналық және фармацевтикалық тауартану негіздерін;

- өсімдік шикізаттарын макро және микроскопиялық тауарлық талдаудың негізгі принциптерін, дәрілік шөптер шикізаттарын стандарттауды.

9 051103 – «Фармация» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаның мазмұны

9.1 Жоғары-кәсіптік білім бағдарламасы 1 кестеде ұсынылған пәндер циклдері бойынша жүргізіледі.

1 кесте Жоғары-кәсіптік білім бағдарламасының мазмұны

Пәндер кодтары	Пәндер және олардың негізгі мазмұны	Сағат-тар/ несие саны
1	2	3
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	1800/40
ЖБПМК	Міндетті компонент	1620/36
ЖБПМК 01	Қазақстан тарихы «Қазақстан тарихына» кіріспе. Қазақстан ежелгі дәуірде. Қазақстанның ежелгі тарихы. Палеолит (ежелгі тас ғасыры), мезолит (орта тас ғасыры), Неолит (жаңа тас ғасыры). Қола дәуірі. Ерте мемлекеттік құрылымдар. Сақтар. Ерте, орта ғасыр мемлекеттері (VI-X ғ.ғ.). Түркі қағанаты. Түргештер. Қарлұқтар. Оғыздар. Қимақтар. VI-X ғ.ғ. Қазақстанның экономикалық, мәдени өмірі. Дамыған ортағасырлардағы мемлекеттер (XI ғ. – XIII ғ. басы). Қарахандар. Қаракытайлар. Наймандар мен керейлер. Қыпшақтар. XI ғ. – XIII ғ. басындағы Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуы. Қазақстан монғол басқыншылығы кезеңінде. Алтын Орда. XIV – XV ғ.ғ. Ортағасырлық мемлекеттер. Көк Орда және Ақ Орда мемлекеттері. Моғолстан. Көшпелі өзбектер мемлекеті. Ноғай ордасы. Сібір хандығы. Қазақ халқының қалыптасуы. “Қазақ” этнонимі. Қазақ жүздері. XV ғ. – XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы. XIV ғ. – XVIII ғ. басындағы қазақтардың мәдениеті. Жаңа замандағы Қазақстан (XVIII – XX ғ. басы). Қазақстан XVIII ғ. бірінші ширегінде. Жаңа заман жағдайындағы Қазақстан мен	135/3

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Ресей. Қазақстанда отарлау дәуірінің басталды. XIX ғ. – XX ғ. басындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. Қазақстан мәдениеті (XVIII – XX ғ. басы). Қазақстан қазіргі кезеңде. 1917 ж. Қазан төңкерісі және оның алғы шарттары. Азамат соғысы – халық қасіреті (1918 – 1920 ж.ж.) Қазақ Кеңес мемлекетінің құрылуы. Қазақстандағы “соғыс коммунизмі” саясаты (1918 – 1921 ж., наурыз). Өлкедегі Кеңес мемлекетінің құрылуы. ЖЭС-тің әлеуметтік-экономикалық нәтижелері. Ауыл шаруашылығы ұжымдастыру – Қазақстан шаруашылығының қасіреті. Индустрияландыру: сипаты, қарқыны, көлемі. Соғыс қарсаңындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қоғамдық – саяси жағдай. Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында. (1941 – 1945 ж.ж.). Қазақстан соғыстан кейінгі жылдарда (1946 – 1953 ж.ж.). Хрушев ренысандары тұсында Қазақстан (1953 – 1964 ж.ж.). 1960 жылдардың II жартысы мен 1980 жылдың I жартысындағы Қазақстан. “Қазақстандағы қайта құру” саясаты (1985 – 1991). Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстан тәуелсіздік жолында. Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуы. (ТМД). Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы. Экономикалық дамуы. Қоғамдық – саяси даму. Рухани даму. ҚР сыртқы саясаты.	3
ЖБПМК 02	Философия Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени-тарихи контекстегі философия. Мәдениет контекстіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі Үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлдену кезіндегі ежелгі Қытай	135/3

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	философиясы. Антика мәдениетіндегі философия. Орта ғасырлық мәдениеттегі философия феномені. Ислам мәдениеті аясындағы араб-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін феномені. Қайта өрлеу және Реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа Заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы ХІХ-ХХ ғ.ғ. ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. ХХ ғ. мәдениетіндегі Кеңестік философия. ХХ ғ және ХХІ ғ. алдындағы мәдениет аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Маххабат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы. Диалектика теориясының мәселелері. Эпистемология ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.	
ЖБПМК 03	Шет тілі Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық-интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық-әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері; көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптар - зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикль, есімдік; жай	270/6

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельде оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тілінде тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті кездесетін ақпараттық, кәсіптік сипаттағы хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.	
ЖБПМК 04	Қазақ (орыс) тілі Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту. Тілдегі қолданыс деңгейіне қарай грамматикалық нысандар мен құрылымдарды меңгерту. Сөйлеудің түрін: әңгімелесу, суреттеу, хабарлауды құрастыру. Грамматикалық нысандар мен құрылымдарды сөйлеу процесінде дұрыс қолдану. Белгілі мәтіндерді қайта өңдеу. Тілдік қызметтің әр түрінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) қиын емес прагматикалық мәтіндерді, әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті тақырыптардағы сұхбаттар мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде өңдеу. Кәсіби білімін дамыту: а) мамандық бойынша әдебиетті оқу, тыңдау, конспектілеу дағдыларын қалыптастыру; б) әртүрлі ғылыми мәтіндерді оқулықтардағы мәтіндер мен дәрістерге мамандығына байланысты сұхбаттар мен монологтар құру. в) Пікірін білдіруге: монолог-суреттеу, сұхбат, пікірталас ұйымдастыруға дағдыландыру. Кәсіптік қазақ (орыс) тілі. Ғылыми-кәсіби сөйлеуді дамыту: а) ғылыми-кәсіби сөйлеуде белсенді,	270/6

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	жалпылама, көлемді біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру.	
ЖБПМК 05	Информатика Информатика пәні, объектісі және құрамдас бөліктері. Ақпаратты көрсету нысандары. Сан жүйелері. Сандарды аудару әдістері; екілік арифметика. Дескретизация ұғымы, белгіленген және жылжымалы үтірлі сандармен арифметикалық операцияларды орындау. Тілдер үшін объектілер және процесстерді кескіндеу тәсілі. Қазіргі заманғы есептеу техникасының құрылысы. Ақпаратты компьютерде беру. Бульдік алгебра және компьютердің қисынды схемасы. Қисынды схемалар және қисынды машиналар. Компьютердің негізгі блоктарының элементтерінің негіздерін ұйымдастыру. Процессордың архитектуралық ұйымдасуы. Компьютердің жадын ұйымдастыру, программаны басқару принципі, функциялық және құрылымдық компьютерді ұйымдастыру, мәліметтерді өңдеудегі желілік технологиялар. Бағдарламалауға кіріспе. Есептерді алгоритмдеу негіздері. Алгоритмдер (типтер, қасиеттері, беру тәсілдері). Алгоритмдік құрылымдары. Бағдарлама құруды оқыту тілдері. Жалпы қызметтік бағдарламалау тілдері. Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыз ету, ақпаратты өңдеу. Берілгендер базасын басқару жүйесі. Компьютерлік желілер, желілік және телекоммуникациялық технологиялар. Желілер жөнінде жалпы мағлұмат, компьютерлерлердің желілік қарым-қатынасының қажеттілігі. Ақпаратты қорғау негіздері. Ақпараттық қауіпсіздік және оның құрамалары. Ақпараттық процесстерге заңсыз енуден қорғау. Ұйымдастыру шаралары, ақпаратты қорғаудың инженерлік-техникалық және де басқаша әдістері.	135/3

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	Жергілікті компьютерлік желідегі ақпаратты қорғау, антивирустық қорғану. Электронды басқару – денсаулық сақтау жүйесінің жинақталып біріккен ақпараты деген түсінік.	
ЖБПМК 06	Экология Экология ұғымы, экологияның ғылым ретінде қалыптасуы және дамуы. Экологияның мақсаты, міндеттері, зерттеу әдістері. Қазіргі экономикалық және саяси мәселелерді шешудегі экологияның орны және атқаратын ролі. Аутэкология: экологиялық факторлар, оптимум және минимум аймақтары. Демэкология: популяция сипаттамалары, флуктуациялар және популяция санының реттелуі. Синэкология: қауымдастық ішіндегі әсерлесулердің түрлері, қауымдастықтың трофикалық құрылымы және экологиялық пирамидалар. Экожүйелердің флуктуациялары: энергия алмасуы және заттар айналымы, экожүйелердің біртұтастығы және орнықтылығы, экологиялық сукцессиялар. Биоценоз, биогеоценоз, экожүйе туралы түсінік. Құрлықтық және сулық экожүйелердің типтері. Биосфера және ноосфера туралы ілім. Биосфераның тірі заты және оның функциялары. Табиғи ресурстар және табиғатты ұтымды пайдалану. Табиғатты қорғау және қазіргі заманның экологиялық мәселелері. Экологиялық даму мәселелері.	45/1
ЖБПМК 07	Саясаттану Саясаттану ғылымы, оның қазіргі заманғы ғылыми білім жүйесіндегі орны. Саясаттың мәні, құрылымы, қызметтері және субъектілері. Саяси билік. Қауымның саяси жүйесі. Қазақстан Республикасының саяси жүйесінің модернизациясы. Мемлекет саяси жүйенің негізгі институты. Қазақстанда азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет құрудағы мәселелер. Саяси тәртіп. Саяси партиялар мен	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	партиялық жүйелер. Саяси элита және саяси көшбасшы. Қоғамның саяси сана мен саяси мәдениеті. Жеке тұлғаның саяси әлеуметтенуі. Әлемдік саясат және халықаралық қатынастар. Қазақстан Республикасындағы саяси үрдістің мәселелері мен қайшылықтары. Қазақстан әлемдік қоғамдастықта.	
ЖБПМК 08	Әлеуметтану Әлеуметтік даму, баланы әлеуметтендірудегі отбасының рөлі. Аурулардың психоәлеуметтік типтері. Отбасылық кеңес беру, отбасындағы сексуалдық ахуал, отбасындағы күш көрсетуге қарсы күрес. Әлеуметтік геронтология, медициналық әлеуметтану, медициналық практикадағы әлеуметтік факторлар. Дені сау адамдар мен сырқат адамдардың мінез-құлықтары. Денсаулық сақтау ұйымы және қоғам. Кәсіп және денсаулық сақтау. Денсаулық сақтауды әлеуметтану тұрғысынан ұйымдастыру және қаржыландыру.	90/2
ЖБПМК 09	Құқық негіздері “Құқық негіздері” курсы пәні және жүйесі. Мемлекет және құқық теориясы. Мемлекет туралы негізгі ұғымдар. Құқық және құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар. Құқықтық қатынастар. Заң және мінез-құлық және құқық бұзушылық. Зандық жауапкершілік. Қазақстан Республикасының негізгі құқық саласы – Конституциялық құқық. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және әкімшілік құқық. Әкімшілік жауапкершілік. ҚР азаматтық құқығы туралы жалпы түсінік. Меншік құқығы және өзге де заттық құқықтар. Міндеттемелер туралы ережелер. Шаруашылық шарттарының жекелеген түрлері. Мұрагерлік құқық. ҚР отбасы құқығы негіздері. Құқық қорғау мекемелері қызметін	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	ұйымдастыру және қызметтерінің негіздері. ҚР салық жүйесі. ҚР еңбек құқығы. Еңбек құқығы негіздері және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы. ҚР қылмыстық құқық негіздері. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Адам мен азаматтың жеке бас бостандығына қарсы қылмыстар. ҚР сақтандыру құқығы. Сақтандыру қызметін құқықтық реттеу. Қазақстан Республикасының экология құқығы негіздері. Қазақстан Республикасының жер құқығы негіздері. ҚР іс жүргізу құқығы. Қылмыстық іс жүргізу және азаматтық іс жүргізу құқықтарының негіздері.	
ЖБПМК 10	Экономикалық теория негіздері Өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну үрдісінде пайда болатын адамдар арасындағы экономикалық қатынастар. Экономикалық шешімдерді қабылдау кезіндегі адамдардың экономикалық әрекеті. Экономикалық сараптау қажеттілігі. Экономикалық үрдістерді ғылыми сараптау әдістері. Қоғамдық өндірістің жалпы негіздері. Ресурстар және олардың шектеулілігі. Меншік: мәні мен нысандары. Өндірістің қоғамдық нысандары. Экономикалық жүйелердің негізгі типтері және модельдері. Нарықтық экономика элементтері. Нарықтық экономика 1 кестенің жалғасы жағдайындағы жеке-дара ұдайы өндірістің мәні және заңдылықтары. Экономикадағы өнімдердің, шығыстар мен табыстардың ауыспалы айналымы. Ұлттық экономиканы ұдайы өндіру. Ұлттық есеп жүйесі. Қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуы. Ақшанесие және қаржы жүйелері. Ұлттық экономиканы мемлекеттік реттеу.	90/2
ЖБПМК 11	Бейорганикалық химия Химияның негізгі түсініктері мен заңдары. Атом құрылысы және элементтердің	90/2

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	периодтық жүйесі (ЭПЖ). Химиялық байланыстардың табиғаты. Валенттік байланыстардың әдістері. Коваленттік байланыстардың қасиеттері мен түрлері. Химиялық процестердің энергетикасы және кинетикасы. Химиялық тепе-теңдік. Ерітінділер теориясы. Гидролиттік процестер. Гидролиздің әртүрлі типтері Тотығу-тотықсыздану реакциялары (ТТР). Кешенді қосылыстар. s-элементтердің химиясы. d-элементтердің химиясы. p-элементтердің химиясы.	
ЖБПМК 12	Фармация тарихы Дәрі-дәрмек танудың пайда болуы. Халықтық медицина. Ежелгі Шығыс елдерінде фармацияның дамуы. Көне дәуірдегі «Фармация». Орта ғасырдағы «Фармация». Қазіргі және жаңа замандағы «Фармация». Ресейде фармацияның дамуы. Петр реформалары. XIX-XX ғ.ғ. Ресей мен Қазақстанда фармацияның дамуы. Нарықтық экономикада фармацияның дамуы.	45/1
ЖБПМК 13	Физика Физиканың негізгі заңдары. Физикалық құбылыстар мен процестер. Термодинамика және химиялық процестерді модельдеу. Молекулярлық биофизика. Жасуша биофизикасы	90/2
ЖБПМК 14	Математика Математикалық талдау негіздері. Ықтималдық теориясы мен математикалық статистиканың элементтері. Өлшемдерді өңдеу және талдау. Фармацияда математикалық әдістерді қолдану	45/1
ЖБПТК	Таңдау бойынша компонент	180/4
БП	Базалық пәндер	3600/80
БПМК	Міндетті компонент	2520/56
БПМК 01	Аналитикалық химия Аналитикалық химия және химиялық анализ. Сапалық химиялық анализдің принциптері	180/4

1 кестенің жалғасы

1	2	3
	мен әдістері, негізгі түсініктер мен тапсырмалары. Заттарды анықтау әдістері. Сапалық аналитикалық әдісінің жіктелуі. Заттар анализінде қолданылатын электролиттер ерітінділері теориясының негіздері. Әрекеттесуші массалар заңын «тұнба-ерітінді» типті гетерогенді тепе-теңдікке қолданылуы және аналитикалық химиядағы орны. Әрекеттесуші массалар заңын комплекс түзілу тепе-теңдігіне қолданылуы және оның аналитикалық химиядағы орны. Аналитикалық химияда заттарды бөлу және концентрілеу әдістері. Сапалық анализде экстракцияны қолдану. Анализдің хроматографиялық әдістері. Жіктелуі. Сапалық анализде қолданылуы. Адсорбциялық және таралу хроматографиясы. Үлгіні анализге дайындау. Физикалық және физико-химиялық әдістерді заттарды анықтау үшін қолдану. Сандық анализ. Жіктелуі. Гравиметриялық анализ. Тұнба түзілу теориясы. Тұнбаның ластануы. Тұнбалану. Тұнбаланудың түрлері. Химиялық анализде, коллоидты ерітінділердің маңызы. Тұнбалардың коагуляциясы мен пептизациясы. Титриметриялық анализ, негізгі ұғымдар. Жіктелуі. Қышқылдық-негіздік титрлеу. Қышқылдық-негіздік титрлеудегі индикаторлар. Титрлеу қисық сызықтары, оларды тұрғызу мен талдауы. Тотығу-тотықсыздану титрлеу әдісі. Тұндыру титрлеуі. Индикаторлар. Комплексонометриялық титрлеу. Сусыз ортада титрлеу. Құралда орындалатын анализ әдістері. Фотоэлектроколориметрия. Спектрофотометрия. Газды, сұйықтық және газ-сұйықтық хроматография. Анализдің электрохимиялық әдістері. Патенциометрия. Полярография. Кондуктометрия.	

